Колледж тынысы
айлық ақпараттық газеті

## *Қысқы спартакиада*

**28.01 2014ж.**
№ 4 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндер ЦӘК оқытушылары және колледж кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен колледж оқытушылары және қызметкерлері арасында «Қысқы спартакиада» өткізілді.

Жарыстың мақсаты: Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын қолдау және жүзеге асыру.

Жарыс түрлері:1. Қысқы кросс (жас ерекшілігіне қарай)
2. Арқан тарту.
3. Эстафеталық ойындар («Епті футболшы», «Кім жылдам?», «Шана-арба»)
4. Шығармашылық кезең (Аяз Ата мүсінін қалау)









**Марапаттау.** Қысқы кросстан: 25-35жас аралығында 1-орын Бақбергенова Қ ,2-орын Шалданбаева Ш.Б, 3-орын Керимбаева Б.Т; 35-45 жас аралығында 1-орын Кудасова Б, 2-орын Султанаева Э,Б. 3-орын Ескебекова З.С; 46 жастан жоғары 1-орын Ноғаев Қ.У, 2-орын Толебекова С, 3-орын Жапаркулова Ф.К.
Арқан тартудан: 1-орын «Көңілді бикелер», 2-орын «Нұрлы жол», 3-орын «Тұлпар».
Шана-арбадан: 1-орын «Тулпар», 2-орын «Vita sport», 3-орын «Бірлік».

## *Құттықтаймыз!*

Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігінің Жарғылық мақсат-міндеттерін пікірсайысшылар арасында насихаттауға ерекше еңбек сіңіргені үшін Ж.Н. Айдабосынова Алғыс хатпен марапатталды. Алғыс хатты Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы А. Олжабаев тапсырды.




Біздің мекен-жайымыз:Тараз қаласы,
Жамбыл медициналық колледжі
Ниетқалиев к. 20, 2 қабат
әдістемелік кабинет.

ЖАМБЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

# Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің
айлық ақпараттық газеті

№5(5) 6 ақпан 2015 жыл, жұма

## ҚР 2020 жылға дейінгі мейірбике ісін дамытудың кешенді жоспарын жүзеге асыру

**Мақсаты:**
Халықаралық талаптар мен қоғамның қазіргі сұранысына сәйкес мейірбике ісін реформалау және жаңа фармациядағы мейірбике ісінің маманын жасау арқылы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесі қызметінің тиімділігін жоғарылатуға қол жеткізу.

**Міндеті:**
1. Денсаулық сақтау жүйесіне Мейірбике ісі мамандарының жаңа құзіреттілігі мен алатын орнын енгізу;
2. Мейірбике ісіндегі реформалардың қажеттілігіне сәйкес медициналық колледждер мен университеттердің институциональді дамуы;
3. Мейірбике ісі жүйесін дамыту және мейірбикелік білімді нығайту үшін ғылыми негіз құру;
4. Мейірбикенің жаңа кәсібінің позитивті кескінін қалыптастыру үшін мейірбике ісіндегі реформалар маркетингі және халықтың барынша жоғары дәрежеде хабардар етілуі;
5. Республикадағы мейірбике ісін түбегейлі реформалау механизмін талдау және енгізу.

| Қолданыстағы жүйе | | | | | Ұсынылып отырған жүйе |
|---|---|---|---|---|---|
| Мамандық | Біліктілік | МЖМ БС | Ерекшеліктері | ЖОО-ның білім стандартарымен ұштастыру | |
| Медбике ісі практика | Жалпы практика медбикесі | 2013 ж | 3-4 ж, ТжКББ дипломы беріледі | "Медбике ісі" мамандықтармен ұштастырылған Колледж бітіру-шілерін ЖОО-ға қабылдау механ. жоқ. | Жалпы медбикесі. Күтім б/ша кіші медбике |
| | Күтім б/ша кіші медбике | | 1-2 жыл. | Ұштастырылмаған | |
| Емдеу ісі | Фельдшер Акушер | 2010 ж | 3-4 жыл | Жалпы медицина маман/мен ұштастырылған. | Клиникалық практика медбикесі. |

*Бүгінгі нөмірде:*

✓ Медицина жаңалықтары
✓ Әдістемелік кеңес
✓ Семинар – тренинг
✓ Педагогикалық оқу
✓ Педагогикалық кеңес
✓ Озық іс – тәжірибе
✓ Мемлекеттік емтихан
✓ Қысқы спартакиада
✓ Құттықтау

# Колледж тынысы
# айлық ақпараттық газеті

## *Әдістемелік кеңес*

**20.01.2015ж.**
Әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесті директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Ж.Н. Сарыбекова бастады. Кеңесте қаралған мәселелер:
1.Салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмысын ұйымдастыру және сапасы.
Жауаптылар: Райымбаева М.Т., Бахаева А.Д.
2.Тест бақылауларының және тәжірибелік дағдылардың сұрақтарын бекіту.
Жауаптылар: білім сапасын тексеру комиссиясы, ЦӘК төрайымдары, әдістемелік кабинет меңгерушісі
3.Емтихан құжаттарын, диф.сынақтардың құжаттарын, тест сұрақтарын бекіту.
Жауаптылар: ЦӘК төрайымдары
4.Оқытушылардың басылымға беретін әдістемелік жұмыстарын қарастыру және бекіту.
Жауаптылар: ЦӘК төрайымдары\, басылым авторлары
5.Орта медициналық және фармацевтикалық кадрлардың біліктілігін жоғарлату және қайта даярлау бөлімінің 2015 жылда өткізілетін циклдарының жұмыс бағдарламаларын қарастыру және бекіту.
Жауапты: бөлім меңгерушісі Кабирова Ж.М.





## *Семинар–тренинг*

**21.01.2015 ж.**
Жас оқытушылар мектебінің ұйымдастыруымен семинар-тренинг өткізілді.
1.Сабақтың стандартты емес түрлері. Жауапты: әдіскер Батаева Л.К.
2. Ақпараттық технологияларды қолдану. Ақпараттық технологиялар оқу процесінде. Қалтаева Г.Е.
3.«Оқытушының іс-тәжірибесіне заманауи технологияларды енгізу сәттілігі неге байланысты» пікір алмасулар.Жас мамандардың кәсіби деңгейлерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу.
4.«Басқаларға сапалы білім беру үшін өзің де білім алуың тиіс» Тәлімгерлердің іс - тәжірибесінен. Панорамалық сабақтар: Қалтаева Г.Е., Баяхмет Д.Б., Құдайбергенова А.К. (іс-тәжірибе алмасу)
Семинар-тренинг психолог Ж.С. Қалдыбекованың жүргізуімен «Кәне амандасайық», «Жұмысқа дайындық» тақырыбында тренингтермен басталды.






## Педагогикалық оқу

**22.01.2015ж.** Әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Медицина жаңалықтары» тақырыбында колледж оқытушыларына педагогикалық оқу өткізілді. Педагогикалық оқуда біліктілігін көтеру курсынан өткен оқытушылар медицина саласы бойынша жаңалықтармен және өзгерістермен бөлісті.

1. «Медициналық білім беруде симуляциялық технологияларды қолдану» Сарыбекова Ж.Н.
2. «XXI ғасырдағы жұмысқа орналастыру мен кәсіпкерліктің дағдылары», «Орта буын медицина мамандарын даярлауды жаңғырту» Тлеубаева М.И.
3. «Инновации и методы ухода в сестринском деле» Токташева Ж.А.

Колледж тынысы
айлық ақпараттық газеті

## *Педагогикалық кеңес*

**22.01.2015ж.**
Күн тәртібінде:
1. Кі 1. Кітапхана қоры және оны жүйелі пайдалану туралы есеп.
Жауапты: кітапхананың меңгерушісі Бегалиева Н.
2. К 2. Колледж мұражайына ақпараттарды жинау туралы есеп.
Жауапты: әлеуметтік –экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК төрайымы
Джантохова Г.Н. 3. М 3. Медициналық колледждерді аккредитациялау талаптары туралы ақпарат.
Жауапты: оқу бөлімінің меңгерушісі Иманбекова Ж.Б.






## *Озық іс-тәжірибе*

**23.01.2015ж.**
Озық педагогикалық тәжірибе жұмысын тарату мақсатында үйірме жұмысы бойынша «Жалпы гигиена» пәнінің оқытушысы Л.В. Кимасова «Медициналық колледжінде үйірме жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында шығармашылық есеп берді. Оқытушы өз іс-тәжірибесі туралы әсерлі баяндама жасады және көп жылғы жинақталған жұмыстар бойынша көрме ұйымдастырды. Колледж оқытушылары
Л.В. Кимасованың еңбегін бағалап, жылы лебіздерін білдірді.






## Мемлекеттік емтихан

**22.01-27.01.2015ж.**
Кешкі бөлімнің «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша 5-ші курс 51, 52, 53, 54 топ студенттері теория және тәжірибеден келесі пәндер бойынша мемлекеттік емтихан тапсырды: «Терапиядағы мейірбике ісі», «Педиатриядағы мейірбике ісі», «Хирургиядағы мейірбике ісі», «Акушерия және гинекологиядағы мейірбике ісі», «Мейірбике ісі негіздері». Мемлекеттік емтиханда Ш.С. Иманбекова, Г.М. Азимкулова, Т.К. Саурбаев, Р.Б. Нуржанов төрағалық етті. Барлық емтихандар өз деңгейінде өткізілді, тәжірибелік емтихандарға қажетті медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілді.




